

5B011800 – ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. 5B011800 – Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Оқу бағдарламасының мақсаты – орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие және төмендегідей бағыттар бойынша кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды дайындау:

- жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу,
- орыс тілі мен әдебиеті саласында жүйеленген білімді қалыптастыру,
- орыс тілі мен әдебиетінен оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру,
- ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету;
- болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің негізгі басым құзыреттіліктерінің жүйесін және жалпығылыми және арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру;
- физикалық, рухани және интеллектуалды өзіндік даму жолдарын, психологиялық сауатын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

2. 5B011800 – Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша түлекте білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды мүмкін етеді:

- жалпымәдени;
- кәсіби;
- пәндік.

Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.1.1 өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын *игерген*;

2.1.2 шешендік өнер, әлемдік классикалық әдебиет пен көркемөнер негіздері жайындағы білімдерін кәсіби қызметінде қолдануға *қабілетті*;

2.1.3 адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;

2.1.4 әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде *қолдануға дайын*;

2.1.5 ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізеді*, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игерген*;

2.1.6 шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданады*;

2.1.7 ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу *дағдылары бар*;

2.1.8 әлеуметтік өзара әрекеттестік құруда білім беру үдерісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге *қабілетті*;

2.1.9 ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін *жете түсінеді*;

2.1.10 дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын *қолдана алады*; толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене мәдениетін жетілдіруге *дайын*;

2.1.11 тазалық сақтау және еңбекті қорғау талаптарына, сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелеріне сай салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға *қабілетті*.

Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.2.1 оқу-тәрбие үдерісін *модельдей алады* және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға дайын;

2.2.2 психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алады*;

2.2.3 психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді *қолдануға дайын*;

2.2.4 әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдісін *пайдалануға дайын*;

2.2.5 білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан білімдерін *қолдануға дайын*;

2.2.6 балалардың әралуан әрекет түрлерін *ұйымдастыруға дайын*;

2.2.7 білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін меңгерген;

2.2.8 мәдени-ағартушылық жұмыста нормативтік құжаттар мен пәндік саладағы білімдерін *қолдануға дайын*;

2.2.9 мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын *түсінеді*, кәсіби этикалық ұстанымдарды *ұстанады*;

2.2.10 қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін *меңгерген*;

2.2.11 кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға *қабілетті*;

2.2.12 кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды *қолдануға дайын*;

2.2.13 кәсіби қызметінде әлеуметтік орта мен білім кеңістігіндегі тәуекелдік және қауіптіліктерді ескере отырып, денсаулық сақтау технологияларын *қолдана алады*.

2.2.14 нәтиже мен ұтқырлыққа бағытталған оқытуға *қабілетті*, өзгермелі еңбек нарығына бейімделе алады;

2.2.15 белсенді және жауапты азамат болуға мүмкіндік беретін құзіреттіліктерді *дамытады*.

Пәндік құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.3.1 орыс тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық нормаларын *меңгерген*;

2.3.2 XII-XXI ғғ. орыс, қазақ, әлем әдебиеттері периодының негізгі кезеңдерін; көркем шығармалардың бағдарламасына енген құрамы мен поэтикасын; XVIII-XIX ғғ. классиктерінің өмірбаяндарының айғақтары мен өнерін; көркемдік шығармалардың құрамы мен поэтикасын *біледі*;

2.3.3 орыс тілі және көркем әдебиеті теориясы мен тарихының, қарым-қатынас теориясының, филологиялық талдау мен мәтінді интерпретациялаудың негізгі ережелері мен ұғымдарын қолдана алады;

2.3.4 XII-XXI ғғ. орыс, қазақ және шетел әдебиеті тарихының негізгі деректерімен таныс;

2.3.5 жалпы және орта арнайы білім беру мекемелерінде орыс тілі мен әдебиетінен оқу сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстарды өткізуге қабілетті;

2.3.6 қолда бар әдістемелер негізінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақтар мен сабақтан тыс шараларды өткізуге оқу-әдістемелік мәліметтерді дайындай біледі;

2.3.7 негізгі оқытылатын тілде түрлі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың негізгі әдістері мен тәсілдерін меңгерген;

2.3.8 кәсіби-педагогикалық қызметтің тәсілдерін: түрлі жастағы топтармен жұмыс жасағанда оқыту технологиясын қолданып, өзін-өзі жетілдіру мақсатында өз ойларын талдауды жүзеге асыруды меңгерген;

2.3.9 ғылыми, реферативтік және анықтама материалдарын, ақпарат пен оқытудың электронды құралдарын пайдалануды біледі.

3.2 5B011800 – Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқу жоспары

Оқыту мерзімі: 4 жыл

Академиялық дәрежесі: 5B011800 – Орыстілі мен әдебиеті мамандығы білім бакалавр

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
ЖБПМ 1	Жалпы білім беру пәндері модулі	24	
1.1	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.2	Қазақ (орыс)тілі	4	1
1.3	Шетел тілі – В1	4	1
1.4	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.5	Артбілім	3	1
1.6	Экономика және бизнес	3	3
1.7	Білім беру философиясы	3	3
КПМ 2	Кәсіби пәндер модулі	60	
2.1	Педагогика	5	2
2.2	Психология	5	2
2.3	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.4	Педагогикалық риторика	3	3
2.5	Инклюзивті білім беру	3	5
2.6	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.7	Зерттеу әдістері	3	3

2.8	Шетел тілі – B2	5	2
2.9	Практика 1	6	4
2.10	Практика 2	9	6
2.11	Практика 3	15	8
АПМ 3	Арнайы пәндер модулі	144	
МПК 3.1	Міндетті пәндер компоненті	81	
3.1.1	Тіл біліміне кіріспе	4	1
3.1.2	Әдебиеттануға кіріспе	4	2
3.1.3	Қазіргі орыс тілінің фонетикасы	4	3
3.1.4	Орыс фольклоры	3	3
3.1.5	Қазіргі орыс тілінің лексикологиясы	4	4
3.1.6	XII-XVIII ғасырдағы орыс әдебиеті	4	4
3.1.7	Қазіргі орыс тілінің морфологиясы	4	5
3.1.8	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	3
3.1.9	XIX ғасырдағы орыс әдебиеті (I жартысы)	4	5
3.1.10	Орыс тілін оқыту әдістемесі	4	5
3.1.11	Орыс әдебиетін оқыту әдістемесі	4	5
3.1.12	Орыс тілінің тарихи грамматикасы	4	6
3.1.13	Қазіргі орыс тілінің синтаксисі	4	6
3.1.14	XIX ғасырдағы классикалық орыс әдебиеті (II жартысы)	5	6
3.1.15	Орыс әдеби тілінің тарихы	4	7
3.1.16	Жалпы тіл білімі	4	7
3.1.17	XX ғасырдағы орыс әдебиеті	5	7
3.1.18	Әдебиет теориясы	4	7
3.1.19	Тілдік практика	3	4
3.1.20	Фольклорлық практика	3	4
3.1.21	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	3	5
3.2	Элективті пәндер компоненті	63	
4	Дипломдық жұмыс	12	8
	Оқытудың қосымша түрлері		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік ел	3	2

3.3 Модуль бойынша ұсынылатын элективті пәндер

3.2	Элективті пәндер компоненті	63
3.2.1	Орыс тілінің практикалық курсы Орыс тілінің пропедевтикалық курсы	4
3.2.2	Орыс әдебиетінің пропедевтикалық курсы Мәтінді әдебиеттанымдық талдау негіздері	4
3.2.3	Орыс театрының тарихы Елтану (Ресей)	4
3.2.4	Антикалық әдебиет Мифология мен әдебиет	3
3.2.5	Орыс тілі ауыспалы өмірде Орыс тілін оқытудағы компьютерлік технологиялар	4
3.2.6	Латын тілі Зияткерлік ұлтты қалыптастыру тұрғысындағы орыс тілі	5
3.2.7	Орта ғасырдағы және Қайта өрлеу дәуіріндегі шетел әдебиеті Ренессанс әдебиеті	4
3.2.8	Орыс тілі сабағындағы жазба жұмыстарының түрлері Сөз мәдениеті негіздері	5
3.2.9	XIX ғасырдағы шетел әдебиеті Классикалық шетел әдебиеті	5
3.2.10	Орыс тілінен арнайы курс Орфография мен пунктуациядағы қиын жағдайлар	5
3.2.11	XX ғасырдағы шетел әдебиеті Әлемдік әдеби үдеріс	4
3.2.12	Балалар әдебиеті Сыныптан тыс оқу	4
3.2.13	Қазіргі орыс әдебиеті Орыс шетел әдебиеті	4
3.2.14	Қазақ әдебиеті ТМД елдері халқының әдебиеті	4
3.2.15	Мәтінді лингвистикалық талдау әдістемесі Лингвистикалық поэтика	4